

**Мәслихаттың 2014 жылғы 11 наурыздағы № 180 "Қостанай облысы Қостанай ауданы Затобол кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін кент тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2017 жылғы 5 мамырдағы № 135 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 мамырда № 7055 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 536 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 29.05.2020 № 536 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 11 наурыздағы № 180 "Қостанай облысы Қостанай ауданы Затобол кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін кент тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4613 тіркелген, 2014 жылғы 30 сәуірде "Арна" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

мәслихат шешімінің қосымшасында реттік нөмірі 27-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

27	Тәуелсіздік көшесі	12
----	--------------------	----

"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай аудандық  
мәслихатының кезекті  
сессиясының төрағасы  
Қостанай аудандық*

*С. Кульбеков*

КЕЛІСІЛДІ

Қостанай облысы Қостанай  
ауданы Затобол кенті әкімінің  
міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ А. Умуртаев